

«СҚО әкімдігінің «Денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Жамбыл аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша АНА ЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА»

Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды (бұдан әрі – ІСЖТ) жүргізу мақсетіне байланысты «Кәсіпорын қызметіндегі ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды жүргізу туралы» «Жамбыл аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК директорының 2026 жылдың 06 желтоқсанындағы № 115-е Бұйрығы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ЗРК Заңының 8-бабы 5-тармағымен талдауларын және ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды жүргізудің ұлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 12 Бұйрығын сақтай отырып, «Жамбыл аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК қызметінде ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізіледі.

2025 жылғы маусым айынан бастап 2026 жылдың маусым айына дейінгі «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Жамбыл аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК қызметінде СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН ІШКІ ТАЛДАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Кәсіпорын директорының 2025 жылғы маусым айынан 2026 жылдың маусым айына дейінгі ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізіледі.

Талдау нәтижесі бойынша 2025 жылғы маусым айынан 2026 жылдың маусым айына дейінгі ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

1) Кәсіпорын қызметінде қатысты нормативтік құқықтық актілермен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Кәсіпорынның ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізу кезінде:

- Кәсіпорынның қызметін қолға ұстау нормативтік құқықтық актілері;
- заңдары бәтижелері және соң нәтижелері;
- оқпараттық жүйелер құралдарындағы жарияланымдар;
- Кәсіпорынның атына келіп түскен және және жаңы құрылымдар анықталуы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен ұсынуға жол берілген өзге де мәліметтер.

Кәсіпорынның ресми сайтта қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты және-құпия бақылауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы келген нәтижелеріне тәуекелділік аумағын қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін дер кезінде анықтауға және олардың теріс салдарының ауқымды болуына Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт орналастырылған.

«СҚО әкімдігінің «Денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Жамбыл аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА»

Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды (бұдан әрі – ІСЖТ) жүргізу кестесіне сәйкес, «Кәсіпорын қызметіндегі ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды жүргізу туралы» «Жамбыл аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК директорының 2026 жылдың 06 мамырындағы № 115-ө бұйрығы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ЗРК Заңының 8-бабы 5-тармағының талаптарын және «Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 12 бұйрығын сақтай отырып, «Жамбыл аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК қызметінде ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау жүргізілді.

Ішкі талдау жүргізудің мақсаты – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасалуына ықпал ететін сыбайлас жемқорлық факторларын анықтау және зерделеу болып табылады.

Кәсіпорын директорының бұйрығымен бекітілген жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Талданатын кезең: 2025 жылғы маусымынан 2026 жылдың маусымына дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Кәсіпорын қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2) Кәсіпорынның ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде:

- Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілер;
- тексеру нәтижелері және сот актілері;
- бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
- Кәсіпорынның атына келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен ұсынуға жол берілетін өзге де мәліметтер.

Кәсіпорынның ресми сайтында қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік ахуалын қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтауға және олардың теріс салдарының алдын алуға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт орналастырылған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау шеңберінде 2025 жылғы маусымнан бастап 2026 жылғы маусымға дейінгі кезеңде «Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы» бағытына талдау жүргізілді.

2026 жылдың 5 қаңтарындағы жағдай бойынша штат саны:

- дәрігерлер - 26, провизор - 1, орта медициналық персонал - 126.

Штат бірліктері:

- дәрігерлік персонал - 49,5 бірлік, орта медициналық персонал - 168,5 бірлік, кіші медициналық персонал - 52 бірлік, басқа персонал - 105 бірлік.

Штат бірліктерінің жалпы саны - 404

Кадрлар тапшылығы:

- дәрігерлік персонал - 2 бірлік, орта медициналық персонал - 4 бірлік.

Мынадай бос лауазымдар бар:

- кардиолог дәрігер - 1 бірлік, -терапевт дәрігер - 1 бірлік.

2025 жылғы маусымнан бастап:

- дәрігерлер - 1, орта медициналық персонал - 11.

Дәрігерлердің жұмыстан шығуы - 0, орта медициналық қызметкерлердің жұмыстан шығуы - 10.

2026 жылдың басынан бастап:

дәрігерлер - 0, орта медициналық персонал - 3.

Дәрігерлердің жұмыстан шығуы - 0, орта медициналық қызметкерлердің жұмыстан шығуы - 7.

Кәсіпорынның өз қаражаты есебінен біліктілікті арттырудан:

2025 жылғы маусымнан бастап дәрігерлер - 5, орта медициналық персонал - 33;

2026 жылы дәрігерлер - 9, орта медициналық персонал - 87.

Ауданға келген хирург-дәрігерге 2025 жылы Денсаулық сақтау басқармасының қаражаты есебінен көтерме жәрдемақы төленді, сондай-ақ Жамбыл аудандық ауруханасының балансындағы қызметтік тұрғын үй берілді.

Жас мамандардың келуіне байланысты дәрігерлік кадрлар мен орта медицина қызметкерлеріне қажеттілік біртіндеп азаюда. Кәсіпорынның қызметкерлері оқу орындары өткізетін бос орындар жәрменкесіне қатысады, колледждер студенттерінің арасында олардың өндірістік практикадан өту кезеңінде кадрлар іріктеуді жүзеге асырады. Enbek.kz порталында және Жамбыл аудандық ауруханасының ресми сайтында бос лауазымдар туралы ақпарат орналастырылады.

Тәртіптік жаза қолдану және оны алып тастау туралы:

Талданып отырған кезеңде «Жамбыл аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК қызметкерлеріне ескерту және сөгіс түрінде 17 тәртіптік жаза қолданылды.

«SENIM» кәсіподақ ұйымының өтініші бойынша 8 тәртіптік жаза мерзімінен бұрын алынды.

Сыйлықақы беру мәселелері

Мемлекеттік мүлік туралы Қазақстан Республикасы Заңының 138-бабына сәйкес штаттық кестені, лауазымдық жалақылардың мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде дербес айқындайды.

Жамбыл аудандық ауруханасы ШЖҚ КМК-ның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын Кәсіпорын директоры бекітеді.

Қаралып отырған бағыттағы сыбайлас жемқорлық көріністері мен мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

Мүдделер қақтығысы мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдар мен оларға теңестірілген адамдардың жеке мүдделері арасындағы қайшылықты білдіреді, бұл ретте жеке мүдделілік лауазымдық міндеттерін тиісінше орындауға ықпал етуі мүмкін.

Талдау барысында Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында жақын туыстардың бір-біріне тікелей бағыну, сондай-ақ бір құрылымдық бөлімшеде басшылық лауазымдарда жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың бірлескен жұмыс істеу фактілері жоқ екені анықталды.

Мүдделер қақтығысы анықталмаған. Бұл мәселе Кәсіпорын басшылығының тұрақты бақылауында.

Кадр қызметі жұмысқа қабылдау кезінде кандидаттарға сыбайлас жемқорлық шектеулерінің болуы тұрғысынан тексеру жүргізеді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілерінің болуы не болмауы туралы мәліметтер сұратылады.

Кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақты толтыру кезінде жаңадан қабылданған қызметкер ықтимал мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында жақын туыстары және олардың жұмыс орындары туралы мәліметтерді көрсетеді.

Қорытынды:

Персоналды басқаруға байланысты сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жоқ. Кәсіпорынның нормативтік құжаттарында (ережелерде, нұсқаулықтарда және өзге де жергілікті актілерде) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтау жөніндегі нормалар көзделген, оларға сәйкес қызметкерлер өз қызметі процесінде, Қазақстан Республикасының әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңдары шеңберінде жасалған құқық бұзушылықтар үшін жауап береді.

Мүдделер қақтығысына байланысты фактілер анықталған жоқ.

Ұсынымдар:

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтау шеңберінде персоналды басқару және мүдделер қақтығысын реттеу саласындағы жұмысты жалғастыру.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындау

Кәсіпорын квазимемлекеттік сектор субъектісі болып табылады.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес лауазымды тұлға Кәсіпорын директоры болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындау кезінде талдаумен Кәсіпорынның қаржылық және материалдық ресурстарын басқарумен, басқару функцияларын жүзеге асырумен, мемлекеттік қызметтер көрсетумен байланысты лауазымдар, сондай-ақ шешім қабылдау жөніндегі өкілеттіктердің болуына байланысты «Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық» деп аталатын тәуекелдерге ұшыраған лауазымдар қамтылды.

Көрсетілген лауазымдарға:

- директор орынбасарларының міндетін атқарушы; - бас бухгалтер мен бухгалтерлердің міндетін атқарушы;
- мемлекеттік сатып алу бөлімінің қызметкерлері;
- экономистер;
- шаруашылықпен айналысатын;
- мемлекеттік сатып алу бөлімінің қызметкерлері;
- медициналық анықтамалар мен еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарын беруге жауапты тұлғалар.

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы КММ «Жамбыл аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырайтын лауазымдар тізбесі

Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне ұшыраған лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері лауазымдық өкілеттіктер бар	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі
директор	Өндірістік, қаржы-шаруашылық қызметті басқаруды жүзеге асыру, басқарушылық шешімдерді жеке-дара қабылдау, Кәсіпорын мүлкіне билік ету және пайдалану	Мүдделер қақтығысы, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалану және теріс пайдалану тәуекелі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау	Жоғары
Директордың медициналық бөлім жөніндегі орынбасары, директордың стратегиялық даму жөніндегі орынбасары	Өзіне бағынысты құрылымдық бөлімшелердің қызметін, оның ішінде халыққа медициналық көмек көрсету сапасы мәселелері бойынша басқаруды жүзеге асыру, оның ішінде пациенттердің проблемалары мен шағымдарын шешу	Қызмет бабын пайдалану тәуекелі Ережені жеке мақсаттарда пайдалану тәуекелі; сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау тәуекелі	Жоғары
Бас бухгалтердің м.а	Бухгалтерлік есепті, активтердің, кірістер мен шығыстардың қозғалысына байланысты операциялар мен оқиғаларды жүргізуді бақылау	Қаржылық және материалдық операциялар туралы ақпаратты заңсыз пайдалану тәуекелі	Жоғары
Персоналды басқару қызметі	Кадр жұмысын ұйымдастыру	Мүдделер қақтығысының тәуекелі, жұмысқа қабылдау кезінде негізсіз артықшылықтар беру	Орта
Мемлекеттік сатып алу	Мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне байланысты	Әкімшілік кедергілер жасау не жекелеген әлеуетті өнім	Орта

бөлімінің басшысы мен қызметкерлері	құжаттарды тексеру және келісу	берушілерге артықшылықтар беру	
Дәрігерлер	Медициналық көмек көрсету және медициналық куәландыру жүргізу мәселелері бойынша шешімдер қабылдау	Медициналық көмек көрсету және медициналық куәландыру жүргізу мәселелері бойынша шешімдер қабылдау	Жоғары
Бас медбике	Өз құзыреті шегінде өндірістік және шаруашылық қызметті басқару	Мүдделер қақтығысы, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалану тәуекелі, заңсыз пайда алу	Орта
Орта медициналық персонал	«Надежда» және «DamuMed» медициналық ақпараттық жүйелерімен жұмыс	Мүдделер қақтығысы, лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану тәуекелі, заңсыз пайда алу	Орта
Еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамаларын және парақтарын беруге жауапты тұлғалар	Медициналық қорытындылар, анықтамалар және еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарын беру	Медициналық құжаттарды ресімдеу кезінде мүдделер қақтығысы, лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану тәуекелі	Орта

Кәсіпорынның ұйымдастыру-басқару қызметі шеңберінде талдау мынадай бағыттар бойынша жүргізілді: персоналды басқару, мемлекеттік қызметтер көрсету, мүдделер қақтығысын реттеу, рұқсат беру функцияларын іске асыру, ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Талдау ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің мынадай индикаторлары бойынша жүзеге асырылды: дискрециялық өкілеттіктер мен нормалардың болуы, сыбайлас жемқорлық көріністерінің туындау ықтималдығы тұрғысынан нормалар мен ережелердің сыбайлас жемқорлыққа бейімділігін бағалау, құқықтық реттеу ақауларының және заң техникасы ережелерін бұзушылықтардың болуы, өзге де нормативтік актілермен және құжаттармен өзара байланыста нормативтік құқықтық актілер мен ішкі құжаттарды зерделеу.

Дискрециялық өкілеттіктер мен нормалардың болуы (билік өкілеттіктерінің шамадан тыс көлемінің сыбайлас жемқорлық тәуекелі):

Билік өкілеттілігінің мол болуы мен адамның қолындағы материалдық құралдардың елеулі болуы, сондай-ақ бақылау мен жауапкершіліктің жеткіліксіздігі сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасаудың факторларының бірі болып табылады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша «Жамбыл аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК қызметі сыртқы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді талдау аясында зерттелді.

2025 жылғы маусымнан 2026 жылғы маусымға дейінгі кезеңде барлығы 188535 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде: мемлекеттік корпорация арқылы қағаз форматта – 85, алғашқы медициналық-санитарлық көмек

көрсететін медициналық ұйымнан берілген анықтамалар – 2514, еңбекке уақытша жарамсыздық парақтары – 1413, стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінділер – 3029, медициналық ұйымға тіркелген халық – 896, ақпараттық жүйелер арқылы электронды түрде көрсетілген – 188450, қағаз форматта – 0.

Ең көп сұранысқа ие мемлекеттік қызмет – «Дәрігерге жазылу» болып табылады – 186834 қызмет. Сонымен қатар, үйге дәрігер шақыру бойынша – 465, медициналық ұйымға тіркелу бойынша – 896 қызмет көрсетілді, №073/у нысанындағы анықтамалар – 434, №075/у нысанындағы анықтамалар – 940 дана берілді.

Талдау көрсеткендей, мемлекеттік қызметтердің негізгі бөлігі ақпараттық жүйелер арқылы көрсетіледі, бұл қызмет алушы мен қызмет беруші арасындағы тікелей байланысты азайтуға, адам факторының ықпалын төмендетуге және рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Сонымен қатар, ақпараттық жүйелерге мәліметтерді енгізу кезінде қызметкерлердің қатысуына байланысты жеке рәсімдердің болуы, өтініштерді уақтылы тіркемеу, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін бұзу және жекелеген процестердің лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне тәуелді болуы сияқты ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сақтап қалады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсетуден негізсіз бас тарту, заңнамада көзделмеген құжаттарды талап ету, тегін көрсетілетін қызметтер үшін ақы алу, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерін бұзу фактілері бойынша жүргізілген талдау нәтижесінде ешқандай бұзушылық анықталған жоқ.

Осылайша, мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі электронды форматта көрсетілетіндіктен, дискрециялық өкілеттіктердің болуына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелі төмен бағаланады. Сонымен қатар, адам факторынан туындайтын және мемлекеттік қызметтерді көрсету саласында заңнаманың сақталуын тұрақты ішкі бақылауды жүзеге асыру қажеттілігінен туындайтын тәуекелдердің пайда болу ықтималдығы сақталады.

Ұсынылды:

-Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді тұрақты негізде зерделеу;

-Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде заңнама талаптарының бұлжытпай орындалуын қамтамасыз ету;

-Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдері мен тәртібін бұзуға жол бермеу;

-Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша жауапты қызметкерлермен түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

-Мемлекеттік қызметтерді көрсету процестерін цифрландыру және автоматтандыру жұмыстарын жалғастыру;

-Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасы мен уақтылылығына тұрақты ішкі бақылауды қамтамасыз ету.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ

Жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың бірлескен қызметі (жұмысы)

«Жамбыл аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-да басшылық лауазымдарды атқаратын және жақын туыстық қатынастағы, тікелей бағыныстағы адамдардың сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау барысында, бұл ретте жұмыс істейтін комиссияларға бірлесіп қатысу анықталмаған. Осылайша, басшылар лауазымында жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың бірлескен қызмет (жұмыс) фактілері анықталған жоқ.

Конкурстық рәсімдер кезіндегі мүдделер қақтығысы бірлескен жұмыс барысында талданатын кезеңдегі мүдделер қақтығысы фактілері анықталмаған конкурстық рәсімдердің материалдары талданды.

Мемлекеттік сатып алу кезіндегі мүдделер қақтығысы Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мәселелері талданды. Айталық, талданып отырған кезеңде Жамбыл РБ мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы 564 хабарландыру жариялаған, оның ішінде 333 сатып алу немесе жарияланған хабарландырулардың 59%, оның ішінде 231 хабарландыру өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден немесе жарияланған хабарландырулардың жалпы санының 41%. Көрсетілген хабарландырулар бойынша – 564, *(564 - баға ұсыныстарын сұрату)*.

Басшылық пен заң қызметі тарапынан мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша талаптардың уақтылы сақталуына бақылау жүзеге асырылады, өнім берушілер тауарды жеткізу мерзімдерін бұзған, шарт талаптарын тиісінше орындамаған жағдайда, мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы сақтау мақсатында мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану бойынша сот органдарына жүгіну бойынша дереу шаралар қабылданады.

Жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижесінде сот тәжірибесін талдау негізінен мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап-арыздардың қойылатынын көрсетеді. Шарттар бойынша міндеттемелер бұзылған кезде наразылық сипатындағы хат алмасу, сондай-ақ сотқа талап қою жүргізіледі. Талданып отырған кезеңде мүдделер қақтығысы фактілері анықталмаған.

Әдеп жөніндегі кеңестің материалдары

«Жамбыл аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК-да Әдеп кодексі әзірленіп, бекітілді. Басшылық қызметкерлермен кәсіби әдеп нормаларын сақтау және жанжалды жағдайларға жол бермеу мәселелері бойынша тұрақты негізде профилактикалық әңгімелесулер жүргізеді.

Талданып отырған кезеңде еңбек этикасы мен деонтологияның бұзылуының бір жағдайы тіркелді. Мәселен, 05 жылғы 2025 тамызда Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 2-бабы 1-тармағының 64-тармақшасына сәйкес жалпы практика учаскелік дәрігеріне сөгіс жарияланды. Қызметкермен тиісті түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Көрсетілген кезеңде Әдеп жөніндегі кеңесте қарау үшін өзге материалдар келіп түскен жоқ.

Рұқсат беру құжаттары

Жамбыл аудандық ауруханасы ШЖҚ КМК қызметін мынадай рұқсат беру құжаттары негізінде жүзеге асырады:

- медициналық және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыруға лицензиялар;
- есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке лицензиялар;
- лицензияларға қосымшалар;
- ұжымдық шарт;
- Кәсіпорынның қызметін регламенттейтін өзге де ішкі нормативтік құжаттар.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар

Талдау жүргізу барысында бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердегі жарияланымдарға мониторинг жүргізілді.

Кәсіпорынның мекеменің қызметі туралы ақпарат орналастырылған ресми интернет-ресурсы бар. Сайтта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік сатып алу және мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бөлімдер жұмыс істейді. Сондай-ақ, басшы және оның орынбасарлары туралы ақпарат орналастырылған.

Кәсіпорын қызметін жария ету бойынша жұмыстар тұрақты негізде жүргізіледі. Әлеуметтік желілерде өткізілетін іс-шаралар туралы фото және бейне есептер жарияланады. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға және қызметкерлер мен халық арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған материалдар орналастырылады. Кәсіпорында ішкі аудит қызметі және комплаенс-қызмет жұмыс істейді.

Талдау нәтижелері бойынша 2025 жылғы маусымнан бастап 2026 жылғы маусымға дейінгі кезеңде бұқаралық ақпарат құралдарында тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету, халықты бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарына бекіту, сондай-ақ міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша жарияланымдар орналастырылғаны анықталды.

Сонымен қатар, халыққа мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мәселелері бойынша жарияланымдар жеткілікті түрде белсенді орналастырылмады.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері 2025 жылдың 1 маусымы мен 2026 жылдың 11 маусым аралығында «Е-өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы 55 өтініш келіп түсті. Өтініш берушілерге жауаптар заңнамада белгіленген мерзімде берілді.

Жеке тұлғалардың барлық өтініштері мен шағымдары, сондай-ақ адвокаттардың, сақтандыру ұйымдарының, құқық қорғау, сот және өзге де мемлекеттік органдардың сауалдары мен хаттары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дәрігерлік құпияны сақтау туралы талаптарды сақтай отырып қаралады.

Өтініштерді қарау кезінде бұзушылықтар анықталған жоқ.

Сенім телефонына талданып отырған кезеңде сыбайлас жемқорлық көріністері, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен мүдделер қақтығыстары туралы хабарламалар түскен жоқ.

Ұсынымдар

Комиссия мыналарды ұсынды:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша бұқаралық ақпарат құралдары арқылы профилактикалық жұмысты жалғастыру;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша ұжыммен түсіндіру және алдын алу іс-шараларын жүргізу;
- әлеуметтік желілердегі ресми беттер мен аккаунттарды жүргізуге жауапты қызметкерлердің қызметіне бақылауды күшейту;
- халық үшін ақпаратты Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында уақтылы және сапалы орналастыруды қамтамасыз ету;
- мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жандандыру.

Қорытынды

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Жамбыл аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, мүдделер қақтығысы және өзге де сыбайлас жемқорлық көріністері фактілері анықталған жоқ.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібін реттейтін нормативтік актілерді ұдайы зерделеу, сондай-ақ заңнамадағы өзгерістерді бақылау қажет.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері хат-хабарларды, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдайтын қызметкерлердің жеке, кәсіби және этикалық қасиеттерімен байланысты болуы мүмкін. Бұл қызметкерлер азаматтармен тікелей байланыста болады, бұл тәуекелдің өзі. Осыған байланысты бөлім қызметкерлерінің маңызды қасиеттері: кәсібилік, стресске төзімділік, қақтығыс жағдайларында әрекет ете білу.

Қызметкерлерге медициналық анықтамаларды, қорытындыларды берудің заңдылығын тексеру мәніне тұрақты түрде ішкі мониторингті жүзеге асыру

Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу мақсатында Кәсіпорын ішкі бақылау жүйесін жетілдіру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтау және қызметкерлердің құқықтық мәдениет деңгейін арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыруды жалғастыруы қажет.


Жұмыс тобы Кәсіпорында жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі жұмысты қанағаттанарлық деп есептейді және әлеуетті сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған шараларды іске асыруды жалғастыруды ұсынады.

Сүйіндікова Е.Г.

**Директордың орынбасары
стратегиялық даму жөніндегі**




Жұмыс тобының жетекшісі: Лезбаев А.Г.



Комиссия мүшелері:

Савинкова Е.А.



Темешева А.М.

Қуандықова А.Ә.

Вернер Л.В.

Мүсетаева Қ.А.

[Handwritten signatures]

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҢГЛЫҚ СІАСАТІ 2026 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ МӘУСІМ АҒЫМА
ҚАРАЙ АҚ ҒАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ОБЛАСТЫ АҚЫРҒИНА ЖІССАУЛЫҚ САҚТАУ
ҚАҒАЗАТҚА - ҚҰМБ АҚАБЫЛ АУЛЫҚ АУРУХАНАСЫ - ЦЖК ҚМБ
ҚАҒАЗАТҚА 1-ҚАДІМ ЖӘМҚОРЛЫҚ ТӨУБЕЛДЕРІН ШІКІ ТАЛДАУ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ